

**Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы
АТА-АНАЛАРМЕН ЖИНАЛЫСЫНЫҢ**

Хаттамасы

Ақтөбе қаласы

№5

15.04.2022 жыл

Қатысқандар: балабақшаның әкімшілігі, мамандары, педагогтар, медбике, ата-аналар

Күн тәртібінде:

1. Ашық есік күні «Мен не үйрендім» өткізілген іс-шараның қорытындысы.
2. «Мектепке даруға дайындық» психолог-педагог
3. Ата-аналар мен бірге балабақша аймағын және топ аландарын көгалдандыру мен көріктендіру жұмыс жоспарымен таныстыру

Тыңдалды: Бірінші сұрағы бойынша балабақша педагогтары өткен «Ашық есік күні» туралы қорытындылады. Барлық 10 топта ашық сабақтар, кеңестер, интеграцияланған іс-әрекеттері, спорттық, музыкалық, интеллектуалдық ойындар, сахналау және т.б. түрдегі іс-шаралар өтті. Әр топтың ата-аналары үшін жүргізіліп жатқан жұмыс туралы ақпарат, пайдалы кеңестер бар түрлі-түсті бағдарламалар жасалды. «Ашық есік күні» іс-шараларда тек қана тәрбиешілер емес, олармен бірге қазақ, орыс тілдер мұғалімдердің, дене шынықтыру және музыка жетекшісі қатысты. Әр топтардың ата-аналар жиналысына балабақша медбике Тайшиева Г.О. қатысып, балалардың денсаулығы, қатысымы, алдан ала егу профилактика туралы мәліметтерді берді. Материалдар қосымшада.

Екінші сұрағы бойынша №39 "Достық" бөбекжай-балабақша тәрбиеленушілерінің ата-аналар үшін «Мектепке даруға дайындық» психолог Абилова Г.Н. кеңес берді: Мектепке бару — бала өміріндегі үлкен жаналық, шешуші кезең, өмір мен іс-әрекеттің жаңа күйіне, қоғамдағы жаңа орынға көшу және қсіп-жетілуіне бір сатысы. Мектепке барғаннан бастап баланың қоғамдағы орны өзгереді, бұл кезеңде бала мектеп өмірімен танысады, жаңа әлеуметтік бастайды, мектепке дейінгі ойын баласы жаңа өмірге қадам басады. Бала мектеп табалдырығын аттағаннан кейін, оның әлеуметтік жағдайы өзгереді, бірақ ішкі әлем, психологиясы әлі мектепке дейінгі қалыпта болады. Баланың ең негізгі іс-әрекеті әлі де ойын, сурет салу, ойыншықтарды құрастыру болып қала береді, ойын арқылы құрдастарымен қарым-қатынас жасайды, алғашқы білімдағдыларына бой ұрады. Ал, мектепке барысымен ол ұқыптылық пен зейінділікті талап ететін жүйелі оқу, еңбектану іс-әрекетін меңгеретін болады. Оқу іс-әрекетіндегі, тәртіп сақтаудағы қажетті іс-әрекетке еріктілік беру алғашқы кездерде ғана мүмкін болады, бұл кезде балаға жақын арада атқарылуы тиіс мақсаттар және оның күш салуын қажет ететін тапсырмалардың мөлшері аз болғаны дұрыс. Сонымен қатар, ұқыптылық пен зейінділікті талап ететін жүйелі оқу; еңбектану іс-әрекетін меңгеретін болады. Осындай елеулі өзгерістерге қиналмай, еркін іс-әрекеттер жасай білу үшін баланың мектепке алғашқы психологиялық дайындығы болуы тиіс.

Үшінші сұрағы бойынша балабақша шаруашылық меңгерушісі Жусупова А.Т. ата-аналарды балабақша аймағын және топ аландарын көгалдандыру мен көріктендіру жұмыс жоспарымен таныстырды. Сонымен бірге сенбіліктерді балалабымен, ұжыммен бірге өткізуге шарыды.

Шешім:

1. Ата-аналарды оқу білім процесіне араласуын қарастыру. Ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс жасау формалары мен жолдарын іздестіру. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда әр түрлі жұмыс түрлерімен таныстыру. Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымда өтетін іс-шараларға қатыстыру.

Жиналыстың төрайымы:

А.Ж.Уркимбаева

Жиналыстың хатшысы:

Г.Н.Абилова

